



Ақмешіт

23 қараша
сейсенбі

№93 (1795)

2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

ЖЫЛ
30

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

СОЛ ЖАҒАЛАУДАҒЫ САПА ҚАНДАЙ?

Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаев сол жағалаудағы №4-ші тұрғын кварталына барып, жаңа үйлердің құрылыс сапасы мен инженерлік-инфрақұрылымның жүргізілу барысын тексерді. Бұл аумақтағы көпқабатты тұрғын үйлердің сыртқы және ішкі жылу желілерін қамтуға жауапкершілігіне алған «Механизатор» ЖШС мердігер мекемесі. Жауапты мекеме жоспардағы жұмыстың басым бөлігін орындаған. Қала басшысы серіктестік директорына басты орында сапалы жұмыс екенін баса айтып, өзінің жігі қадағалауында болатынын жеткізді.



«Ақмешіт-ақпарат»

Қазіргі кезде көпқабатты үй аулаларын абаттандыру жұмыстары да өз деңгейінде жүргізілуде. Мәселен, «Ақмешіт Мелиоратор» ЖШС мердігер мекемесі үй арасына бордюрлерді орнатып, асфальт және брусчатка төсеп, балалар ойын алаңын салуда. Ендігі жұмыс шағын сәулет нысандарын қою. Қала әкімі осы аумақтың болашақ тұрғындарына қолайлы жағдай жасау мақсатындағы игілікті істе кемшілік болмауы кергін айтты. Сондай-ақ жобаны мерзімінде және сапалы аяқтауды тапсырды.

Бүгінде сол жағалаудан апатты деп танылған үйлерде тұрып жатқан азаматтарға 50 пәтерлік көпқабатты тұрғын үй салынуда. Нысанның құрылысы желтоқсан айында толығымен аяқталып, пәтер кілті табысталады. Үйдің пәтерлерін аралап көрген қала әкімі жауапты мекеме басшыларына жоғарыда аталған жұмыстардың барлығы қатаң бақылауында болатынын ескертті.

БҮГІНГІ САНДА:

3 БЕТТЕ



**БІРҚАЗАНДАҒЫ
МЕКТЕПТЕ
БАЙЫПТЫ
БАСТАМАЛАР
БАР**



4 БЕТТЕ
**«ҚАЗАҚСТАН АТЫН
ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ
ЕТКІМ КЕЛЕДІ»**

РЕВАКЦИНАЦИЯ: ЕКПЕНІ САЛДЫРАСЫЗ БА?

Еліміз 22 қарашадан бастап коронавирусқа қарсы ревакцинация жұмыстары басталды. Оған Қызылорда облысы да сақадай сай дайын. Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен бирфингте облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Шайымбетов мәлімдеді.



– Вакцина – бұл пандемиямен күрестегі шешуші қадам. Біз індетпен күресті тоқтатпауымыз керек. Жағдайды ушықтырмау сіз бен біздің қолымызда. Сондықтан ревакцинация салдырып, ұжымдық иммунитет қалыптастыруға асығайық. Бүгінде вакцина салу орындары талапқа сай жабдықталған. Әрбір емханада иммундау жүргізетін салқындату жаб-

дықтары орналасқан жеке вакциналау кабинеттері бар. Онда білікті дәрігер, мейірбике-вакцинатор және мейірбике-тіркеуші сияқты мамандар жұмыс істейді. Сонымен қатар вакцина алғандар 30 минут дәрігердің бақылауында болады. Облыс бойынша КВИ-ға қарсы иммундау науқанына 106 екі кабинеті, оның ішінде аудандарда 91 кабинет тартылды. Одан бөлек шалғайдағы аудандар мен ауылдарда, адамдар көп шоғырланатын жерлерде (ірі сауда ойын-сауық орталықтары, базарлар және басқалары) індетке қарсы вакциналау үшін оқытылған медициналық персоналмен жасақталған, – деді Жангелді Мырзагелдіұлы.

Жалпы өңірдегі эпидемиологиялық ахуалға тоқталар болсақ, індет басталғалы бері өңірімізде коронавирус инфекциясымен 19246 науқас тіркелді. Өткен тәулікте 6 жағдай анықталды. Ал емделіп шыққаны 97 процентті құрайды. Қазіргі кезде облыс бойынша инфекциялық стационарда – 153 науқас, реанимациялық төсек-орында 22 науқас ем қабылдап жатыр.

Өткен жылдан бері шетелдік және отандық ғалымдар бұл дертпен күресу үшін вакцина жасау жолында аянбай еңбек етті. Нәтижесі де жоқ емес. Естеріңізде болса, елімізде халықты вакциналау алғаш ақпан айында басталды. Бүгінге дейін облыста вакцинаның 1 компонентімен егілгендер саны – 396301, халықтың қамтылуы 87,6 процентті, екінші компонентпен – 334321 (73,9 процентті) құрап отыр. Енді ревакцинациялау арқылы векторлық «Спутник V», «Pfizer» салдырғандар 9 айдан кейін инактивті «Sinopharm», «CoronaVac», «Hayat-Vax», «QazCovid-in» вакцинасын алады. Ал инактивті вакцина алғандар 6 айдан соң, векторлық вакцина салдырады.

Ревакцинация – ең алдымен медицина қызметкерлері, мұғалімдерге, ішкі істер органдары қызметкерлеріне, жабық мекемеде жұмыс істейтін әлеуметтік қызметкерлер мен еріктілерге өз келісімімен салынады.

Ақмарал
ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

МӘСЛИХАТ ТЫНЫСЫ



**КОМИССИЯ
ОТЫРЫСЫНДА
ҮШ ЖЫЛДЫҚ БЮДЖЕТ ТАЛҚЫЛАНДЫ**

Жуырда қалалық мәслихат жанындағы бюджет және экономикалық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының кеңейтілген отырысы өтті. Жиында алдағы үш жылға арналған бюджет мәселесі қаралды. Бюджеттік комиссия отырысына қала әкімінің орынбасары Ғ.Жаңабаев, тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшілері мен БАҚ өкілдері қатысты.

Бюджет және экономикалық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Е.Нұртаев төрағалық еткен мәжілісте 2022-2024 жылдарға арналған қала және кент, ауылдық округтер бюджетінің салаларға бағытталуы талқыланды.

2 БЕТТЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ



МАҚСАТ ЖАСАҒАН ЖИҢАЗ

Бүгінде тапсырыспен жиһаз жасау трендке айналды. Жаңа технологиялардың дамуы жиһаз жөндеуге де жаңашылдықпен келді. Бұрынғыдай «Ресейлік, Беларусьтық жиһаз» деп ешкімді таңқалдыра алмайсыз. Керсінше тапсырыспен жиһаз жасататын шеберлердің есімі таныла бастады. Соның бірі – Мақсат Жұмаділдаұлы.

Ол 2020 жылы мемлекеттен 6 процент жеңілдікпен субсидия алып, «Ади» жиһаз шеберханасын ашты. Мұнда жиһаздың түр-түрі жасалады. Кәсіпкер 8 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Жұмысшылардың орташа жалақысы – 100 мың теңге. Шаруашылығына қажетті ағаш станогын Қытайдан арнайы алдырған. Өнімге қажетті материалдардың басым бөлігін Оңтүстік Қазақстаннан әкеледі. Бояудың да италияндық түрі пайдаланылады. Ал ағаштың MDF Фасад сырланған түрлері қолданылады. ЛДСП кесу, ОВАЛ кесу, қисық кромкалау, ПВХ, Акрил, Оргстекло фанера кесу секілді қызмет түрлерінің кез келген бағыты осы жерде жасалып, сырланып, тұтынушының үйіне жеткізіледі. Айтпақшы, жасалған жиһазды жеткізіп, орнатып беру ақысыз.

2 БЕТТЕ

Баспасөз-2022

**АҒАЙЫН,
«АҚМЕШІТ
АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?**

Баспасөзге 2022 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын! Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08

МӘДЕНИ БАЙЛАНЫС – ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Үндістан тәуелсіздігінің 75 жылдығына орай Үндістанның Қазақстандағы Елшілігі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Үндістан достары» шарасын өткізді. Қазақстандағы Үндістан елшілігінің жанындағы Свами Вивекананда мәдени орталығы (SVCC) еліміздің бірнеше қаласында мәдени іс-шаралар ұйымдастырған болатын. Бұл шаралардың мақсаты – Қазақстан мен Үндістан халқы арасындағы мәдени, рухани байланысты тереңдету.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы – ректоры Бейбіткүл Қаримова Қазақстандағы Үндістан елшілігінің жанындағы Свами Вивекананда мәдени орталығының өкілдерімен кездесті. Жиында ынтымақтастық байланысты одан әрі нығайту мәселелері талқыланды.

Үндістан халқы өзінің тарихымен және сан қырлы мәдениетімен әлемге әйгілі. Қай кезде де өнеріне шекара болмайды. «Үндістан достары» шарасының аясында бай мәдени мұрасымен ерекшеленетін



елдің өнерімен біздің білім алушылар кеңінен танысуда. Алдағы уақытта да екі ел арасындағы мәдени байланыс арта береді деген сенімдемін, – деді Бейбіткүл Қаримова. Мерекелік шара аясында университетте SVCC оқытушылары үнді музыкасы, би

және йога бойынша шеберлік сабақтарын ұйымдастырды. Сондай-ақ Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің кітапханасында Үнді кітап бұрышы ашылып, сол елдің тарихы, салт-дәстүрі, мәдениеті, танымал тұлғалары туралы 200-ге жуық кітаппен толықтырылды.

Шара барысында «Махатма Ганди мұрасы» тақырыбындағы эссе сайысының қатысушыларын марапаттау рәсімі өтті. Эссе байқауы 2-22 қазан аралығында онлайн өткізілген болатын.

«Үндістан достары» шарасының аясында «Достық» үйінде университет студенттері мен SVCC оқытушылары қорытынды концерт берді. Кеште студенттер мәдени орталық өкілдерімен бірге сахнаға шығып, шеберлік сабақтарында үйренген өнерлерін ортаға салды.

Бұл іс-шаралар Қазақстан мен Үндістан арасындағы өзара ынтымақтастықты ілгерілету, мәдени байланысты нығайту бағытындағы маңызды бастама болып саналады. Свами Вивекананда мәдени орталығының өкілдері осы мүмкіндік үшін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне алғыс білдірді және болашақта ынтымақтастықты жалғастыруға ниетті екендіктерін жеткізді.

А.БЕРДІБАЙ

БРИФИНГ

1998 жылдың наурызында БҰҰ Бас Ассамблеясы 21 қарашаны Дүниежүзілік теледидение күні ретінде жариялады. Бұл 1996 жылы өткен бірінші Дүниежүзілік телевизиялық форумды есте қалдыру мақсатында жасалды. Қазіргі таңда ақпараттың жалпы қоғам өміріндегі алатын орны ерекше. Соның ішінде, билік пен қоғам арасындағы бірлікті сақтай отырып, ұлттың рухани жаңғыруына үлес қосатын ірі сала теледидение ақпарат кеңістігіндегі орны туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова айтып өтті



КӨК ЖӘШІКТІҢ ОРНЫ БӨЛЕК...

– Айта кету керек, әлемдік теледидение тарихи форумда теледидениенің қоғамдық пікір мен саяси процестерге ықпал ету құралы, үгіт-насихат, коммуникация және пікір алмасу, экономикалық, әлеуметтік және мәдени салаларда шешімдер қабылдау тәсілі ретінде маңыздылығын мойындаған. Дегенмен, теледидениенің газетпен тең дәрежедегі тарихи бар. Электронды құрылымдар көмегімен белгілі шахықтық бейнелерді қабылдап, көрсетудің алғашқы эксперименттері 1920 жылдардың басында АҚШ-та, Жапонияда және КСРО-да басталды. Телевизия саласы – ұжымдық еңбек. Журналист, режиссер және оператор. Бұл үшеуі – телевизияның үш сағаты іспетті, – деді облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы.

Елімізде алғашқы отандық теледидение 1958 жылдың наурызында пайда болса, Сыр өңірінің тұңғыш теледидары 1991 жылдың 30 сәуірінде дүниеге келді. Тәуелсіздікке қадам басқан ақсәуір кезеңнен бастап қызылордалықтар көгілдір экраннан туған өлке жаңалықтарын көре бастады.

Брифингте «Qyzylorda» телерайнасының директоры Жағышпар Қарабала 30 жылдық тарихы бар арнамыз бүгінгі туралы айтты.

– Алғашқы жылдары эфир тарату оңай болған жоқ. Қазір жергілікті телерайна 80 қызметкеріміз 16 сағат хабар таратып отыр. Бұл жұмысты жүйелі ұйымдастырудың нәтижесінде, жанарлы техникалардың арқасында осындай жетістікке жеттік. Өртүрлі жанрдағы 37 тақырыптық хабарлар шығарылады. Тікелей эфирлер мен ток шоулардың салмағы басым. Музыкалық контентті қалыптастыру арқылы жергілікті халықтың шығармашылығын дамытып, жастардың мықтылығын дәлелдегіміз келеді. Бүгінде «Қазақстан» Ұлттық Телерадиокомпаниясына қарасты

14 филиалдың арасынан шығармашылық, көркемдік, экономикалық өсу, рейтинг жөнінде бірнеше жыл қатарынан 3-ші орында келеміз», – деді ол.

Иә, 30 жыл ішінде аймақ айнасы көзі қаракты көрермен алдындағы адал миссиясынан айныған жоқ. Шынайы ақпарат, жедел хабар тарату қағидасын басты назарда ұстап келеді.

Ал тәуелсіз «Қоғам ТВ» телерайнасы 1999 жылдың 25 мамырында құрылып, өз көрермендерінің көзайымына айналған шоқтығы биік ақпарат көзіне айналды.

Сондай-ақ брифинг барысында «Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясы» ЖШС басқарушысы Тұрсынқұл Желдербаева телерайнаның кешегісі мен бүгінгісіне тоқталды.

– Қызылорда қалалық телерайнасы алғашқы 4 сағаттық эфирін 1999 жылы көрсетті. Бастапқы уақытта 3 компьютер, 1 монтаж столы ғана болатын. Қазіргі кезде эфир уақыты 14 сағатқа жетті. 20-ға жуық авторлық бағдарлама бар. Телерайнаға жұмыс істеуге студенттер, жастар контингенті көбірек келеді. Біздің арна тәжірибеге жинақтайтын, үлкен мектеп десек те болады. Бүгінде 200-ге жуық қызметкеріміз біздің арнадан түлеп ұшып, жан-жақта жұмыс атқарып жүргенін мақтанышпен айта аламыз», – деді Тұрсынқұл Сардарбекқызы.

Айта кетерлік жаңалық, 2022 жылдың 1 шілдесінен бастап облыстық теледидарына 100 пайыз цифрлық телехабар тарату жүйесіне қосылмақ. Ерекшелігі сол – телерайнаның жаңалығын теледидар арқылы ғана емес, кез келген электроника арқылы көруге мүмкіндік туады.

«Ақмешіт-ақпарат»



«PFIZER» салдырушылар көп

Сыр өңірінде көптің талқысына түскен «Pfizer» вакцинасын салдырушылар қатары күн санап артауда.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне сүйенсек, бүгінге дейін 1590 тұрғын аталған вакцинаға қабылдаған. Оның ішінде 233-і жүкті әйелдер болса, 1156 жасөспірімдер. Ал бала босанғаннан кейінгі аналар саны 201-ді құрап отыр.

– Бүгінгі міне, қалалық үшінші емханаға немеремді «Pfizer» вакцинасын салдыруға өзім ертіп әкелдім. Мына жаман індеттен сақтанудың бірден-бір жолы осы вакцина деп жатыр ғой. Өрбір ата-ана үшін баласының алдында ауырмай, жүгіріп жүргені бәрінен де маңызды. Сондықтан елден қалмай, көптен көрген ұлы той деп, немереме вакцина салдыруға келіп отырмыз, – деді қала тұрғыны Бахыт Әзізова.

Емхана мамандарының айтуынша, «Pfizer» вакцинасының бір флаконын 6 адамға салуға болады. Қазіргі кезде аталған вакцинаны өз еркімен алғысы келіп, емханаға хабарласып жатқан жүкті және емізуді аналар да бар екен.

«Ақмешіт-ақпарат»

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНДА ҮШ ЖЫЛДЫҚ БЮДЖЕТ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Г.Баймаханова хабарлама жасап, депутаттардың сауалдарына жауап берді.

Үш жылдық бюджет талқыланды. Жиында халық қалаушылары ұсыныстарын да айтты. Мәселен, депутат М.Әбдіқалықов Эл Фараби шағын ауданындағы тұрғындардың өз бетінше тартқан электр және ауыз су желілерін жаңарту жобасын бюджетке енгізу қажеттігін айтса, Г.Мұсаева Қызылжарма ауылдық округіндегі мәселелерді назарға салды. Ал қалалық мәслихат хатшысы И.Құттықожаев Титов шағын ауданында орналасқан №173 мектеп жанындағы көшеге /Т.Бокин көшесі/ тротуар салып, жарықтандыру және Саламатов

С.Бейбарыс, Мұратбаев көшелеріндегі көпірлерді күтіп ұстайтын мердігер мекемелерге талапты күшейту, оның ішінде қысқы мезгілде ұдайы назарда ұстау қажеттігін қаперге салды.

Қызылордада бұдан да басқа мәселе аз емес. Халық қалаушылары бұқара мен биліктің арасында алтын көпір қызметін атқарып, дүйім жұрттың проблемасын көтеріп келеді. Жиында Ж.Нұрымбетов Тасбөгет кентіндегі су сүзгі станциясын орталық су сүзгі станциясына қосу жобасының қаржыландырылуы жайлы мәселе көтерсе, А.Ізден Ақсуат ауылдық округінің инфрақұрылымын дамыту, қалада ауыз суды пайдалану нормалары мен халықтың суға төлем мәселелерін сөз етті. Сонымен қатар Т.Телеубаев Универсам шағын ауданы атылып кеткен тұрғын алабындағы 31,32-ші көпқабатты тұрғын үйлер жанында орналасқан көзгі су станциясын жаңғырту, Есенов-Желтоқсан көшелерінің қиылысына жол белгісін орнату, «халық қатысатын бюджет» жобасын ақпараттандыруды күшейту керектігін айтты.

Бұдан бөлек М.Жүсіп Ақжарма ауылдық округін дамыту бойынша ауылдық амбулатория салуды бюджеттік жобаға енгізуді ұсыныса, Е.Әбдісаттаров жергілікті атқарушы органдарға берілетін депутаттық сауалдардың зерттеліп, сапалы орындалуын жүзеге асыру мәселесін көтерді.

М.ЖӨКЕБАЙ



Басы 1-бетте

МАҚСАТ ЖАСАҒАН ЖИҢАЗ

Кейіпкеріміз бұған дейін әскери салада қалтқысыз қызмет еткен жан. Ол кез келген жұмысқа тәртіп пен талап қажет екенін жақсы түсінеді. Айтуынша, атасы Қасымбек Тайұлы өз заманында кәсіпті ағаш шебері болған. Оның ұстаханасынан шыққан көптеген құнды дүние кейбір үйлерде әлі күнге дейін сақталуы.

– Мұндай іспен айналысу менің бала күнгі қызығушылығымнан басталған. Атамның ер ойып, қамшы өріп отырғанына талай мәрте куә болғанмын. Сол көзбен көрген дүние бүгінде өмір өзегіме арқау болып отыр. Тапсырысты тұтынушы талғамына сай жасап беруде бар мүмкіндігімізді пайдаланамыз. Қажетті материалдарды көбіне Шымкент қаласынан алдыртып жатамыз. Неге өзіміздің қаладан шығармасқа? Алдағы уақытта аймағымызда осыны қолға алып, Сыр өңірінің өнімін брендке айналдыру ойым бар. Қазір бұрынғыдай бір сипаттағы жиназдар сән емес. Сондықтан ұдайы ізденіс үстінде болып, тәжірибемізді жетілдіріп отырамыз. Өйтпеске болмайды. Оның ішінде колорет ісі аса шыдамдылық пен терең талғампаздықты қажет етеді. Қазір қоғамда екі қолға бір күрек таппай, ата-анасының табысына танылып отырған жастар жеткілікті. Оларға айтар кеңесім, мемлекет пен отбасына қарап отырмай қолдарынан келер іспен шұғылдану керек. Еліміз әлемде дамыған озық отыз елдің қатарына енуі алдына мақсат етіп, соған жетудің негізгі алғышарттарын іске асыруда. Мемлекет жастарға кәсіппен айналысуға барлық мүмкіндікті жасап, кеңінен қолдау танытуда. Сондықтан өз мүмкіндігінді мольбаны пайдалана білген ләзім. Біздің қоғам – шабамын деген адамға ат, жанамын деген жүрекке от берген қазақтың алтын дәуірі. Еліміз болашақта бұдан да зор жетістіктерге жетеді деп сенемін. Ол үшін оған әрбір қазақстандық еліміздің дамуына теңіздің тамшысындай болса да өз үлесін қоса білгені жөн. Бірлік бар жерде тағлымды тірлік толастамайтын естен шығармауымыз керек. Алдағы уақытта кәсіпкерлік ауқымын кеңейту

жоспарымызда бар, – дейді кәсіпкер Мақсат Таев.

Қазір инновацияның дамыған дәуірі, жастар әртүрлі ғылыми жаңалықтар ашып қолданысқа енгізуде. Дегенмен атаның тегімен, ананың сүтімен келген ұлттық қасиеттерімізге аса мән беруіміз қажет. Жаңаға жан, темірге тіп бітірген шеберлер ісмерлігі кім-кімді болса да

тәнтгі етеді. «Ұстаның қолы алтын» деген осы емес пе. Халқымызда «Қолынан келген құмға кеме жүзгізеді» деген уәлі сөз бар. Бұл ұшқыр ойы мен шеберлігін ұштастырған ұстапарға айтылса керек-ті.

Шеберханалда жұмыс істейтін шебердің бірі – Дулетназар Ерболатұлы. Өзінің сөзіне, мұнда келгеніне көп уақыт бола қоймаған.

– Жұмысым өзіме ұнайды. Үйде қарап отырмай ата-анам жәрдемші болып жалақы табуды жөн санадым. Келген тапсырыстарды дер уақытында аяқтаймыз. Мәселен, бір жиназды 2 аптада жасаймыз. Қалада осындай кәсіпкерлік орталықтары көп болса, жастар жұмыссыз жүрмейді деп ойлаймын, – дейді Дулетназар Ерболатұлы.

Кәсіпкер жасаған бұйымдарымен облыс орталығынан бөлек аудандарды да қамтып отыр. Сондай-ақ республиканың әр өңірін келіп алып жатады. Арнайы тапсырыспен жасатып жататындар да табылады. Оның бояуына Италия елінің өнімін пайдаланады. Бағалары әртүрлі. Көлемі мен пайдаланылған материалға қарай қойылады екен.

Шебердің қолынан шыққан дүниелер көптің көңілінен шығып, алғысына бөленуде. Бұл – өлшеусіз еңбек пен төккен тердің жемісі мен жеңісі. Қалай десек те Мақсат жасаған жиназ көп тұрғынның үйінің төрінде тұр.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ
Суретті түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



Басы 1-бетте



Бүгін «Шырағдан» айдары арқылы «Бірқазан» елді мекеніндегі №145 орта мектебі туралы айтатын боламыз.



БІРҚАЗАНДАҒЫ МЕКТЕПТЕ БАЙЫПТЫ БАСТАМАЛАР БАР



Қалалық білім бөліміне қарасты №145 орта мектебінің тарихы 1938 жылдан басталады. Сол жылы Бірқазан станциясынан 5 шақырым жерде «Кентабан» бастауыш мектебі ашылған. Білім ұясының алғашқы директоры – Сәрсенбай Самалихов. 1940 жылы Ұлы Отан соғысы қарсаңында колхоз орталығы «Көкжиде» разьезіне көшіріліп, жетіжылдық мектеп болып ұйымдастырылды. Сол 1940-1942 жылдары жеті жылдық мектептің директоры болып Ыдырыс Дүйсенбаев қызмет істейді. Соғыстан кейінгі жылдарда қазіргі Киров ауылының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері, ардагер – ұстаз Баттал Жүсіпов осы білім ұясына жетекшілік жасайды. Ұлы Отан соғысы жылдары мектепте ұстаздық қызмет атқарған Мәңсүр Кәрібаевтың есімін ауыл халқы әлі күнге дейін құрметпен атайды.

Қалыптастырған мектеп басшылары Ғабиден Қайдауылов, Айтпай Саймов, Жұмабек Мырзахметов, Мылтықбай Байымбетовтер үлкен еңбек сіңірді деуге толық негіз бар.


Казіргі таңда бұл білім ордасына Бағдат Өтегенов басшылық жасап келеді. 2016 жылдан бастап Бірқазандағы мектепті басқаратын ол мұнда жоғары санатты ұстаздар мен озық оқышылар көп екенін айтты.

Бүгінде біздің мектепте 78 оқушыға 28 мұғалім дәріс беріп келеді. 2020 – 2021 оқу жылында 5 түлек ұлттық бірінші тестілеуге талпырып, жоғары балл жинады. Нәтижесінде барлығы да мемлекеттік грант иегері атанды. Келер жылы да «Үздік аттестат» иегерлері шығады деп сеніп отырмыз. Сол бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бізде бала саны аз болғандықтан мұғалімдер әр балаға сабақты жеке-жеке түсіндіріп, оның орындалуын қатаң қадағалап отырады. Мектебімізде «Домбыра», «Шебер колдар», «Шахмат», «Би» үйірмелері бар. Оларға сынып оқышылары сабақтан тыс уақытта қатысып, өздерін жан-жақты дамытып отырады. Сонымен қатар спорт залы мен асхана желісі де бар. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына бір мезгіл ақысыз ас беріледі. Ұстаздарымыздың барлығы жоғары білімді. 13 мұғалім педагог-зерттеуші, 8 мұғалім педагог-сарапшы, 4 мұғалім педагог-модератор, 5 мұғалім педагог санатына ие. Мектептің соңғы бес жылда қол жеткізген жетістіктерін тізіп айтар болсақ, түрлі білім, өнер, шығармашылық ғылыми жобалар, авторлық бағдарлама, тағы да басқа іс-шараларға белсене қатысып, оқушыларымыз, ұстаздарымыз бағындырған белестер аз емес. Мектебімізде жалпы оқушы саны 78, мектеп жанынан ашылған шағын орталықта 20 бүлдіршін тәрбиеленуде. Оның ішінде бастауыш сыныпта – 35 оқушы, орта буында – 34 оқушы

болған. Қазақ Совет энциклопедиясын құрастырушылардың бірі, профессор Мүсілім Базарбай, Алматыдағы Абай атындағы университеттің тарих ғылымының докторы, профессор Күзек Назханов, Қазақстанның партия совет қайраткері Ибрагим Еділбаев, республикаға танымал дәрігер – ғалым Әлмыра Төшпенбетов сынды көптеген тұлғалар алақандай ауылдан түлеп ұшып, «Бірқазан» елді мекенінің атын асқартып жүр.

Мектепті жақсы жағынан танытып, ұлағаты ұстаз, тәліміді шәкірт тәрбиелеуде мектеп басшылығының орны ерекше. Бұл үлкен білім-паздық пен терең талғампаздықты қажет етеді. Басқару үрдісінде өзіндік қолтаңбаларын

және жоғары сыныптарда – 9 оқушы білім алуға. Сонымен қатар мектебімізде қосымша «Оқуға құштар мектеп», «Дебат клубы», «Мектеп театры», «Мектеп пен отбасында 20 минут кітап оқу» жобалары жоспарлы түрде жұмыс жасайды. Аталған мектепшілік жобаларға мектеп оқышылары мен ата-аналары түгел қамтылған, – дейді мектеп директоры Бағдат Өтегенов.



«Шебер колдар» үйірмесіне ардагер ұстаз Советбек Маханов жетекшілік жасайды. Мұнда 15 оқушы қатысады. Үйірме мүшелері облыстық, қалалық білім бөлімінің құрмет грамотасымен марапатталған. Аймақтық түрлі колөнер сайыстарының жеңімпаздары. Ал «Домбыра» үйірмесіне 16 оқушы тіркелген. Жетекшісі Мархабат Кеңшілікқызы өнер саласының маманы. Жырау-фольклоршы, арнаулы пәндерінің оқытушысы, жоғары білімді, педагог-сарапшы, өз саласы бойынша облыстық, қалалық жарыстардың жүлдегері. Оқушылары топтық, жеке түрлі ән байқауларының жеңімпаздары. Спорттық үйірмелерде тұрақты жұмыс жасайды. Атап айтқанда, «Тогызқұмалақ» «Шахмат» үйірмесі бар. Оған оқушыларды денешынықтыру пәнінің мұғалімі Хайдар Мамырханұлы баулиды. Шәкірттері қалалық спорт, білім бөлімдері ұйымдастырған сайыстардың жеңімпазы.

Бастауыш сынып мұғалімі Жанар Құрмашқызы – жоғары білімді, педагог. Тәжірибелі ұстаздың оқушылары республика-

лық, облыстық түрлі балалар байқауларының жеңімпазы атанып жүр.

11-сынып жетекшісі Ләйла Бекболатқызы – қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі.

– 2021-2022 оқу жылында 11 сыныпта 4 бітіруші түлек бар. Барлығы ҰБТ-ға қатысады деп күтілуде. Екі оқушымыз «Үздік аттестатқа» үміткер. Таңдаған мамандықтары бойынша екі оқушы биология-география пәнін және екі оқушы шығармашылық пәндерін таңдап отыр. Оларды таңдаған пәндері бойынша күнделікті жоғары білімді, тәжірибелі ұстаздарымыз қосымша дайындық жүргізіп отыр. ҰБТ-ның жаңа оқу жылынан бері сынама тесттерге қатысып, балл көрсеткіштері бойынша әр пәнге басымдық беру, білім пайызын көтеру мақсатында талдау жұмыстары әр апта сайын жүргізіледі, – деді Л.Бекболатқызы.

Мұндағы мектепшілік үйірмелердің саны 9, оған қатысатын оқушылар саны 56, яғни 89 процент қамтылған. Спорттық «кіші футбол» «волейбол» «шахмат-дойбы» «асық ату» «тоғызқұмалақ» және «шебер колдар» «жас тілші» «домбырашылар» «жас математик» «Let, s speak English» көркем өнер үйірмелері кесте бойынша апта бойы жұмыс істейді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ Суретті түсірген Нұрболат НУРЖАУБАЙ

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Дәуір желі ескенде заманға қарай дүние де өзгереді. Заман қанша өзгерсе де ұлт жадында үлгі-өнеге, ой-санасында даналық сөздер жатталып, көпшілік кеудесінде ұлттық құндылықтар сақталып қалады. Осылай ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса береді. Егеменді ел атанып, орда тұрғызған 30 жылдың ішінде ұлтымыздың ой-санасы түбегейлі өзгерді, жанарды. Бұрын көріп білмеген, нарық ырғағына бейімделді. Жаңа үдерістер пайда болды. Қанша жанарулар пайда болғанмен ұлттық қалпымызды жоғалтпаған елміз. Содан бопар, ұлттық үрдістеріміз өз қалпында ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келеді. Қанша жыл салт-дәстүрімізден алыстасақ та оны ұмытпау жолында ел ішіндегі ата-әжеліміз сақтауға тырысты. Оны ешкім жоққа шығара алмайды.

Туәлесіздіктің ақтанып атқан тұстан бастап, ұлттық құндылықтарымыз қайта түлеп, ұрпаққа тереңнен ұлықтала басталды. Бұл біздің салт-дәстүрге жай қарамайтын ұлт екенімізді көрсетсе керек. Бүгінгі ұрпақ санасында ұлттық мұрамыз бен дәстүріміз қайта жаңғырып, жандана түсіп, ұлы даланың үнін ұғуға, табиғаттың тілін білуге, адамдарды қадірлеуге, үлкендерді құрметтеуге, тіршіліктің тінін түсінуге жол ашты. Әрбір ұлттың өзінің салт-дәстүрі, үрдісі бар. Соның ішінде қазақ ұлтының басқа ұлттарға қарағанда пейілі дархан, зейіні зерек, жүрегі жылы, адамгершілігі мол, ауышылығы зор ұлт екенін кешегі өткен ғасырдағы тарихта ерекше байдалған. Бұл біздің ұлт үшін даңқ та, дақырт та емес, таза шыңдық.

Алайда ұлттық құндылықтың бір тіні – отбасы құндылығы. «Отан отбасынан басталады» деп бекер айтылмаған. Дәуір желі қалай соқса, заман солай қарай өзгергенін біз білетміз. Қазіргі заманға қарай талап та, тәрбие де тіптен басқаша. Өткен ғасырдағы тәрбиені көзбен көрген бүгінгі аға ұрпақ, ол кездегі ата-ананың баланы тәрбиелеуі, оған қояр талаптары тіптен басқаша екендігін өте жақсы біледі. Соны көріп өскен бүгінгі 40-50 жастағы ата-аналар өз баласын өте нәзік етіп тәрбиелеуде. Неге? Өйткені заман өзгерді. Заманнан бұрын мектепте әйел мұғалімдердің көптігі де балаға әсер етсе керек. Ұстаз ананың жаны жұмсақ келетіні түсінікті. Олар оқушы балаларға ер мұғалімнің тәрбиесін бере алмауы мүмкін. Ер мұғалім қатқылдау айта, бала шамалы болса да тайсақтайтыны анық. Шындығын айтқанда, қиын бала қайдан шығады? Ол отбасындағы ата-ананың балаға көңіл бөлеуінен шығады.

Қанша бала тәрбиесі, отбасы құндылығына жатады. Бұны көп ата-ана білсе де оған мән бере бермейді. Бала өмірдегі еңбектеген шағынан бастап ләззат алып, ойын құмарын тарқатып өсуі керек. Еркін ойынаған баланың ойы да, ойлауы да еркін болады. Бүгінде көбіне көпқабатты үйде тұратын балалар көшеге шығып



БАЛАМ ДҰРЫС БОЛСЫН ДЕСЕН, ТӘРБИЕСІНЕ МӘН БЕР

ойнай қалса, ата-анасы оларға олай ет пе, былай ет пе, үстінді бүлдіресіңк дей берсе, ол баланың ой-өрісі дамымай, бала ата-ана сөзінен аса алмай, жалтақ болып қалады. Бұндай жағдайды көп жерден көріп, естіп жүрміз. Баланың сол үшін еркін ойнауы қажет.

Бала жастайынан алғыр, елгезек, зерек болып өссін десеңіз, ата-ана ретінде балаға барынша көңіл бөлген орынды. Ол үшін ата-ана көбіне кешке жақын ыңғайына қарай, балаға бір сәт ертегі кітап оқып берсе баланың фантазиясы ашылып, ой-өрісі дамып, дүниетанымы кеңейе түседі. Сонда ғана жас өскінің армандау, қиялдау қабілеті артады. Осы жағын әрбір ата-ана ескерсе дейміз. Сонда бала болашақта әкешінің үмітін ақтауға тырысып, өз жемісін береді. «Кітап – білім бұлағы» десек, сол бұлақтан нәр алған бала соған құмартып тұратын болады. Өмір жолын содан табуға талпынады. Қазақ атамыз «Бала шыбық секілді, қалай қарай еңкейтсең, солай қарай майысады» деп бекер айтамын. Міне, сондықтан балаға әрбір ата-

ананың барынша көңіл бөлгені жөн. Жасыратыны жоқ, көп ата-ана баласы тәртіпсіз болса, мектептен, ұстаздан көріп жатады. Ол тіптен дұрыс емес. Мектеп баланы білімге, құштарлыққа, әдемілікке, парасаттылыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, салауаттылыққа, білгірлікке тәрбиелейді.

Мұғалім өз баласынан гөрі, бар білгенін оқушыларына үйретіп, мейірімін, жылылық шапағатын, білім нәрін басқа баланың кеудесіне құяды. Олардың бұл еңбегін адамгершілікпен ескерген жөн. Кейбір ата-аналар ұстаздарды қаралауға, киелі мектепті жамандауға дайын тұрады. Ал мұғалім әрбір оқушы «арманыңа жетсе екен» деген мақсатпен тынымсыз ізденіспен еңбектенеді. Үнемі ой үстінде жүреді. Қазіргі оқу талабы тұрақты ізденісті қажет етеді. Мектептен түлеп ұшқан бала алдымен тапқан табысын ата-анасына береді, мұғалімге емес. Елге қызмет етсе, өз абыройы, ата-анасына мақтаныш. Ағылшындарда «Баланы емес, өзінді тәрбиеле» деген тәмсіл бар екен. Бұл барлық ата-анаға қарата айтылған мәтел бала керек. Сондықтан балам алымды, шалымды болып өссін десеңіз, алдымен бала тәрбиесіне мән беріңіз, сонда өмірден ұтымалысыз. «Бала ұя да не көрсе, ұшқан да соны іледі» деген дана қазақ.

Балаға тәрбие бермес бұрын алдымен адам өз мінезін қалыптастыру керек екен. Біз жөнінде Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Сөзінді түзе – әдетіне айналды, әдетің – мінезіңе айналады, мінезің – сенің тағдырың» деген екен. Адамның мінез-құлқы оның өміріне толықтай әсер етеді. Сондықтан мінез-құлқы тұрақты қалыптасқан адам өз армандарына жете алатындығын айтқан. Ал ол ондай жанның балаға да жақсы тәрбие бере алатындығын мензеген. Міне, ағылшындардың айтқанын Шәкәрім де гираттап отыр. Тәлім-тәрбиені келгенде, қазақтан асар білгіш, дана, данышпан жоқ екендігін неге айтамын.

Анығын айтқанда, бала тәрбиесі мен болашағын алдымен ата-анасы ойлауы қажет. Ол дүниеге келгеннен бастап күтіп-баптаудың өзі тәрбие. Асырап-бағып өсіріп, баланы оқуы үшін киімі мен ішіп-жемін жұмсаған қаражатыңыз балаңыздан қайтатынын ұмытпаңыз. Демек, қазіргі тілмен айтқанда, бала болашағына құйған инвестицияңыз өзіңізге қайтып келеді деген сөз. Сондықтан балам жақсы болсын десеңіз, оның тәрбиесіне салғырт қарамаған жөн. Бала менің болашағым, үмітім, қартайғанда қамқоршым, демеушім, тірегім болады деген сенім әрбір ата-ананың жүрегіне берік орын алған. Ендеше ұлысты, ұлықты ұлт боламыз десек, отбасындағы бала тәрбиесі мықты болуы керек.

Кенжалы ЕРІМБЕКТОВ, ардагер-журналист

СПОРТ



Сырбайлық спортшылардың жеткен жетістігі мен шыққан белесі аз емес. Соның бірі, әлемнің небір мықтыларымен түрлі додаларда бақ сынасып, ел мерейін асырып жүрген панкратионнан әлем чемпионы – Фани Әділсерік. Бүгін біз Қазақстан және әлем чемпионаттарында қарсыластарына дес бермей, биік тұғырдан көрініп жүрген спортшымен сұхбатын назарларыңызға ұсынбақпыз.

Фани ӘДІЛСЕРІК, Панкратионнан әлем чемпионы:

«ҚАЗАҚСТАН АТЫН ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ЕТКІМ КЕЛЕДІ»

– Фани Әділсерікулы, осы кезге дейін талай долада топ жарып келесіз. Жалпы осы спорт түрін таңдауыңызға біреудің ықпалы болды ма? Спортпен қай кезден бастап айналыстыңыз?

– Мен Шиелі ауданына қарасты Алмалы ауылының тумасымын. Бес ағайындымын, өзім үйдің кенжесімін. Спортпен бесінші сыныбымда айналыса бастадым. Өзім о баста футболшы болсам деп армандағанмен үлкен ағамның айтуымен самбо деген күреске қатыстым. Сөйтіп, тоғызыншы сыныбыма дейін осы спортпен айналыстым. Бірақ аса бір ынталданбаған емес, икемім келе қоймады. 10 сыныпта оқып жүргенде ауылдан аралас жекпе-жек залы ашылды. Қара домалақ балалардың басын біріктіріп, әлгі залды ашып, басы-қасында болған менің алғашқы бапкерім – Қайрат Әбжамалов. Сонда дайындалып жүріп, республикалық және облыстық жарыстарға қатысып, жеңіске жете бастадым. Күрестен келген балаға ұру-тебүдің әдіс-тәсілін меңгерген ол кісінің көмегі көп тиді. 2016 жылы мектеп бітірген соң Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне әскери іс және қауіпсіздік жүйелері деген мамандыққа оқуға түстім. Енді қалаға келген соң спортпен шұғылданатын зал іздей бастадым. Сөйтіп жүріп қазіргі бапкерім Арман Мәделханов ағамызбен таныстым. Бірі білсе, бірі білмейді, Қызылордаға панкратионды алып келген сол кісі. Еуразия спорт кешенінде осы жаттықтырушының қарамағында дайындалдым. Мұнда 15 күн дайындалған соң, екі бірінші жарысыма жолдама алдым. Сол долада бақ пен бап қатар шауып, жүлдеді бірінші орынмен оралдым. Міне, осыдан соң бұл спорт түріне деген құлшынысым арта түсті. 2018 жылдың ақпан айында ересектер арасында жүлдеге таласқанмен, жеңілдім. Ол жарыс маған тәжірибе әрі сабақ болды. Кемшін тұстарымды көруге мүмкіндік берді. Одан кейін Ресейдің



– Спортқа енді кірісіп жүргенде кәдімгідей қорқатынмын. Өйткені небір әлем чемпионы, спорт шебері атағын алған мықтылармен бетпе-бет келетінмін. Бірақ кішкентайымнан мінезді, рухты болғасын ба ешкімге иліге қоймадым. Сөздің ашығы, рингке шыққанша жүрек дүрсілдеп, терлеп-тепшіп біраз қорқыныш болатын. Алайда өзіме бір жұдырық тигеннен соң алды-артына қарамай қарсыласты төмпештеп тастайтын сәтім көп.

– Ең қиын және ең оңай жекпе-жегіңізді айтып берсеңіз...

– Осы кезге дейін облыстан бастап әлемдік додаларға дейінгі кездесулерімді санасам, 100-дің үстіне шығады екен. Ең ауыр да, тәтті де болған – Санкт-Петербургтегі кездесу. Өлі есімде, соған дейін үш ай тер төгіп, үзіліссіз дайындалдым.

– Өзіңіз бір жарыстан қанша қаржы аласыз?

– Негізі бізге грамота мен медаль ғана береді. Айында-жылында ғана бірнеше рет ақша аламыз. Жаңа айтқанымадай 2018 жылдан бастап көп дүние өзгерді ғой. Маған сол жылы ең алғаш рет чемпион болғаным үшін арнайы айлық дайындалды. Бұл сол оң өзгерістердің алғашқысы еді. Жалпы спортшы спорттан ақша іздемей тис. Сондықтан бұған айтарлықтай алаңдамаймын да. Пайдаға кенелсем де, қазақтың атын шығарып, өзім де соның бір бөлшегі болып, Отан тарихында қалдым ғой деп қуанамын.

– Қазір үш бірдей спорт түрімен айналысасыз. Болашақта қай спорт түрінің ізіне түспексіз?

– Шынымы айтсам, спортты қойып, өз мамандығым бойынша жұмыс іздестіруді ойлап жүрмін. Мына заманда жалғыз спорттан түскен азын-аулақ ақшамен үй ішінде асырау мүмкін емес. Оның үстіне жарақат алып қалам ба деп те алаңдаймын. Қанша дегенмен соққы тиеді ғой.

– Жыл санап жетістіктеріңізді саны артады. Өткен жыл несімен есте қалды?

– Былтыр мен үшін табысты жыл болды. Бағана айтқанымадай 2019-2020 жылы Бахрейнде, сондай-ақ ел чемпионатында топ жардым. 2015 жылы «Жыл спортшысы» атансам, 2017 және 2018 екі жыл қатарынан «Үздік спортшы» атағын алдым. Сондай-ақ 2018 жылдың қорытындысы бойынша «Самғау сыйлығының» иегері атандым. Осы жылдар аралығында панкратионнан және аралас жекпе-жектен Қазақстанның 6 дүркін чемпионы болдым. 2019 жылы қараша айында IMMAF тұжырымы бойынша екінші рет Әлем чемпионы атандым. 2020 жылы наурызда Панкратионнан Қазақстан Республикасының күміс жүлдегері атанып, Түркия мемлекетінің Анталья қаласында өтетін әлем чемпионатына жолдама алдым. Өкінішке қарай карантинге байланысты жарыс болмай қалды. Содан жыл соңында кәсіпқой жекпе-жекке ауысып кеттім. 2020-2021 жылдар ішінде 5 жекпе-жек өткізіп, төртеуінде жеңіске жеттім. Сондай-ақ былтыр жетқосқан айында грэпплингтен ҚР-нің нұң чемпионы болдым. Ал биыл панкратионнан ҚР қола жүлдегері атандым. Бірақ әлем чемпионатына жолдама ала алмадым. Жалпы панкратионнан Азия және Әлем чемпионы атанғалы, спорт шебері нормативін орындадым. Мұның барлығы үздіксіз жаттығу мен бапкерлерімнің ерен еңбегі арқасында келген дүние дер едім.

– Алда қандай жоспарларыңыз бар?

– Қазіргі күні Қызылорда спортшыларының ішінде үздік ондықтың ішіндемің. Себебі ірі турнирлердегі жеңістермен қоса қала бойынша «Жыл спортшысы» номинациясын алғанмын. Бапкерім де олимпиадалық спорт түрлерінен озып, үздік ондыққа ену үлкен жетістік екенін айтты. Бұл – мен үшін үлкен қуаныш. Енді осы дәрежемі одан әрі көтеруге және өзімді дамытуға бар күшімді саламын. Алда әлі талай ел абыройын асқақтатуға мүмкіндік алатын үлкен додалар тосып тұр. Бұйырса, сол жарыстардан жүлделі оралып, Қазақстан атын әлемге әйгіл еткім келеді. Өзірге мақсатым да, жоспарым да осы.

– Сұхбатыңызға рақмет! Жеңісті күндеріңіз көп болсын!

А.БЕРДІБАЙҰЛЫ

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ!

Шілде айының шуақты күндерінің бірі еді. Жайлау етегіндегі шұрат-шұраттан шапқан шөбін баулап, жинап болып, көңілі көншіген бұрынғы мектеп мұғалімі, қазіргі зейнеткер Атабек мотоцикліне екі баланы мінгестіріп, қайдасын ауыл деп зырлап келе жатқан. Кенет көзі жол шетіндегі әлденеге түсті. Күміс түймедей күнге шағылысып, жылт-жылт етеді. Мотоциклді тоқтатып, әлгі затты алды. Әмиян екен. Жемге тойған құстың бөтесіндегі бұлтынып, қомақты көрінеді. Әрі құмартып, әрі қызыға қарап қалған екі баланың көзінше санады.

– Екі мың төрт жүз теңге екен. Атабек екі балаға қарап күліп қойды да мотоциклді от алдырды.

Кенет ұстаза бір ой келді. Осы тауып алған ақшаны желеу етіп, екі баланы сынап көрсө қайтеді? Екеуі де жасты, бірақ адалдығы қандай екен?

– Балалар, – деді үнсіз отырған Атабек ойлы пішінмен, – сонымен біз ақша тауып алдық. Енді сол ақшаны не істеуіміз керек? Қане, өз ойларыңды айтыңдаршы.

– Әрқашан саспай, салмақпен сөйлейтін Сатай ұстаздың өзіне қайыра сұрақ қойды.

– Өзіңіз қандай шешімге келдіңіз? Әуелі сіз айтқызыңыз.

– Жоқ, сендер айттыңдар.

– Онда мен айтайын, – деді мотоциклдің қобдишасында шымсыздана отырған Қойшыбек, – тең бөліп аламық.

Сатай дауласа кетті.

– Тапқан екенсің тең бөлгенді.

– Енді не істейміз?

– Оны Атабек ағай біледі.

– Тауып алдық, ұрпағанымыз жоқ. Енді бөліп алмағанда қайтеміз?..

– Бұл – біреудің табан ақы, маңдай терімен тапқан ақшасы. Иесіне қайтаруымыз керек.

– Айталық, осы ақша басқа емес, өзіңнің жақын туысыңның не болмаса досыңдыкі болса қайтер едің?

Бала не дерін білмей күмілжіп қалды.

– Оны қойшы, – деді күлмен қағып, – мына ақша бізге бұйырған. Бөліп алу керек.

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

БІРЕУДІ ҚОРҚЫТЫП...

Жуырда қалалық Полиция басқармасының «102» арнасына Шымкент қаласының тұрғыны хабарласып, Қызылорда қаласының тұрғыны қорқытып, ұялы телефонын және ақшасын тартып алып кеткенін айтқан.

Аталған дерек бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 191-бабының 2-бөлігінің 1-тармағымен тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілді.

– Қылмыстық іс бойынша Қызылорда облысы ПД Криминалдық полиция басқармасы және Қалалық полиция басқармасының қызметкерлерімен бірлесіп жүргізілген жедел іздестіру-шаралардың нәтижесінде бұл қылмысқа қатысты күдікті қатарында Қызылорда қаласының екі тұрғыны құрықталып, олардан айғақты заттар алынып, аталған күдіктілер өз кінәларын толықтай мойындады. Олар қамауға алынды. Қазіргі таңда бұл қылмысқа қатысы бар басқа да азаматтар іздестірілуде, – деді Қызылорда облысы Полиция департаментінің бастығы Сұлтан Бектөре.

ЕСІРТКІ ЖАСЫРЫП...

Жақында Қызылорда ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлерімен жүргізілген жедел іздестіру-ішарасы барысында Сырдария аумағында аса ірі көлемде «көптірілген марихуана» жасырын сақтан жүрген 52 жастағы аудан тұрғыны ұсталды.

Тергеп тексеру кезінде жалдамалы фазендасына тінту жүргізіліп, күдіктінің көрсетуімен жалғыз ұнғылы қару, 2 дана 16 калибрлі патрон, 5 дана фазенданың әр жеріне жасырып қойған жасыл түсті ерекше хош иісі бар өсімдік тәрізедес айғақты заттар алынып, тағайындалған сараптаманың қорытындысында жалпы салмағы 1 келі 747 гр «көптірілген марихуана» екені анықталған. Күдікті өзінің жасаған қылмысын толығымен мойындап, өзінің есірткі заңына тәуелді екендігін айтқан.

– Аталған дерек бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды. Көрсетілген баптың санкциясында үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Есірткімен

Осыны айтты, ол ұстаза қараған. Ол үндемеді. Өйткені ол реңжулі еді. «Дүние үшін туған бөтшағар екенсің- ау» деп түйді ішінен.

Бұлар ауылға таяп қалғанда алдарынан бір салт атты көрінді. Жақындалып келе ұшеуі де тани кетті. Қойшыбектің апасы Күлшипа екен. Бұлар жамырай амандасты. Әйел сәлемді селсөк, салқын қабылдады. Қабағы қатыңқы, көңілсіздеу екен.

– Иә, деніңіз сау ма? – деді Атабек қайталай амандасып, – қоржыныңызды толтырып қайтқан боларсыз.

– Қоржыны құрысын, – деді әйел жасық үнімен, – әмиянымды жоғалтып алдым.

– Қашан?

– Бүгін. Бағана осы жолмен келе жаттым. Өзеннен өткенде бар еді. Содан дүкеннен зат алып, енді ақшасын төлейін десем жоқ.

– Табылып қалар, – деді Атабек, – бұйырған дүние жоғалмас.

Қойшыбектің екі беті ду ете түсті...

Әйел қош айттысып, жүріп кетті. Атабек ештене болмағандай мотоциклді оталдыра бастағанда Қойшыбектің көзі бағжан ете түсті. «Шынымен-ақ кеткені ме, міне, кетіп те барады». Сәл жүрген соң шыдамы таусылған Қойшыбек:

– Ағай, мен түсіп қалайыншы, – деді.

– Неге?

– Тәтеме барам.

– Мм, қалай екен адалдық пен арамдық?

– деді ұстаз көлігін кері бұрып жатып, – Ақшаны бөліп алайық па?

– Қойшыбектікі дұрыс, бөліп алайық, – деді Сатай кекетіп.

– Кешіріңіздер, – деген сөзді ол зорға айтты.

Ұстаз бен серіктес досының алдында ұяттан жерге кіріп кете жаздалды.

– Адалдық керек, балалар, – деді ұстаз әйелдің алдын орай тоқтаған мотоциклдің табылған әмиянды иесіне бергелі түсіп жатып, – қашанда адал болыңдар.

– Адалдық, – деп Қойшыбек осы сөзді іштей өзінше бір қайталады. Сөйтті де үнсіз қалды...

Дәнеш АХМЕТҰЛЫ



БЕЙНЕБАҚЫЛАУДЫҢ КӨМЕГІ

Жуырда Полиция басқармасының Жедел басқару орталығының бейнебақылаушы-инспекторы сағат 00:30 шамасында қаладағы орталық көшелерінің қиылысында орналасқан бейнекамераны шолу барысында бір топ белгісіз азаматтар көше бойында төбелесіп жатқаны байқаған.

Оқиға орнына дереу патрульдік полиция экипаждары жіберілді. Полицейлер анықтағандай, оқиғаға қатысушылар жас шамасы 20-25 жастағы жігіттер сөзге келіп қалып, жанжалдасып төбелескен. Полиция қызметкерлерінің жедел әрекеттерінің арқасында жанжалға қатысушылар оқиға орнында ұсталып, оқиғаның мән-жайын анықтау үшін Полиция басқармасына жеткізілген. Қазіргі таңда аталған дерек бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілуде.

Айта кетейік, бүгінде камералардың арқасында қылмыстың «ізін суытпай» анықталуы денгейі арта түскен. Жыл басынан бері бейнебақылау камераларының көмегімен 101 қылмыс ашылып, 21 мыңнан астам әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Оның ішінде қоғамдық орындарда спирттік ішімдік ішу және аумақтықта ластану сияқты ұсақ бұзушылықтар бар.

Дайындаған А.БҒІТМБАЙ
Мәліметтер облыстық полиция департаменті мен қалалық полиция басқармасынан алынды



Санкт-Петербург қаласында WMMA-ден өткен әлем чемпионатында бірінші орын иеленіп, жеңімпаз атандым. Біріккен Араб әмірлігі Бахрейн корольдігінде ережесіз жекпе-жектен өткен әлем чемпионатында топ жардым. Одан бөлек былтыр ел чемпионатында жеңімпаз атандым. Соңғы 3-4 жыл көлемінде бұдан бөлек өзге де үлкенді-кішілі жарыстарда жеңіс тұғырынан көрінген сәттерім бар.

Қазіргі таңда Қазақстанда панкратионнан өз салмағым бойынша бірінші орында тұрмын. Жалпы үш спорт түрі бойынша дайындалып шығып жүрмін.

– Кез келген спортшы алдыңғы буынға еліктеп өседі. Сіздің спортта кумиріңіз бар ма?

– Нақты мына спортшы деп айта алмаймын. Мен үлкен әлемдік аренада қазақ намысын қорғап, ел абыройын асқақтатқан спортшылардың барлығынан үлгі алуға тырысам. Әсіресе аралас жекпе-жекпен айналысатын спортшылардың өнерін көп тамашалап, стилін, жаңа әдістерін үйренуге күш саламын.

– Үлкен спортқа кездейсоқ келгенің жөнінде айттың. Кейде тәжірибенің жетіспеушілігі сеніміңді тудырады. Қарсыластан тартынып немесе соның сесі басытын кездер бола ма?

Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған спортшылармен әр жерде тәжірибе алмастым. Тіпті үй көрмедім. Университет жайына қалды. Ол соған лайық болды. Елге жеңіспен оралдым. Ал Бахрейн елінің астанасы Манамада IMMAF-тан өткен чемпионатта үшінші орын алдым. Ол жарыстан өкініп қайттым десем артық етпес. Себебі оған үй жаттығуымен бардым. Залда өзіміздің жігіттермен қолданалдым. Оларды жеңу оңай болды. Өйткені қолданатын әдіс-тәсіл, айласың бәрін білем. Ал Қазақстанның барлық спортшыларымен бақ сынасу мол тәжірибе берді. Ол уақытта бізде осыған қаржылай қолдау жетіспеді. Өзіміздің қаржы жол мен жүріп-тұрудан артылмады. Сондықтан шаршы алаңға шыққанда дайындығымың аз екенін сездім.

– Сонда біздің өңірде спортшыларды қолдау төмен деңгейде ме?

– Олай деп кесіп айта алмаймын. Бірақ кейде сондай жайттар болып жатады. Қайта соңғы 2-3 жылда қолдау жақсы көрсетуде. Ал 2018-інші жылға дейін жарысқа қажет қаржыны өз қалтамыздан шығарып келдік. Анда-санда ғана облыстан қаржы бөлінетін. Мектеп кезінде де сондай еді. Ата-анамыз бірден шықсын деген шығар. Соның арқасында талай жерді көріп, талай аламанға түстік қой. Ал бүгін үмітін ақтап, нәтижеге жетіп отырмын.

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі номер - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жұргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптапалы 2 рет, сәйкесінше, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр мөлді» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4424 Тапсырыс №1704
Нөмірдің кезекші редакторы Ақмарал ОЛЖАБАЕВА